

## Қазақстан Республикасының Халықтық банкі және оның салымшыларының мүдделерін қорғау туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 20 қаңтар 1994 ж. N 1515. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасының Жинақ банкінде салымдары бар азаматтарды әлеуметтік қорғау, әрі мемлекеттің олардың жинақтарының сақталуы жөніндегі міндеттемелерін орындауы мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының мамандандырылған коммерциялық Жинақ банкі Қазақстан Республикасының Халықтық банкі болып қайта құрылсын.

Банктің негізгі міндеті халыққа банк қызметінің толық кешенін көрсету болып табылады деп белгіленсін.

2. Негізгі шоттар бойынша жинақтардың құнсыздануынан келген шығындарға бір жолғы өтем жасалып, 1992 жылғы 1 тамыздағы жағдайы бойынша 1000 рубльдің шегінде болған салымдардың қалдығы 50 есе ұлғайтылсын.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті осы мақсатқа республикалық бюджеттен 850 млн. теңге бөлсін.

3. Қазақстан Республикасының Халықтық банкіне өзінің кірісі есебінен 1994 жылғы 1 қаңтардан бастап азаматтардың салымдары бойынша төленетін проценттік ставкаларды орташа 2,5 есе көтеру ұсынылсын.

4. Былай деп белгіленсін:

Қазақстан Республикасының Халықтық банкі тартатын ақша қаражаты кредит ресурстары нарығында қалыптасқан ставкалар бойынша өткізіледі. Оларды өткізуден алынған табыс /банк шығыстарын алып тастағаннан кейін/ толық көлемінде салымдар бойынша проценттер төлеуге жұмсалады;

барлық банк қызметі /бюджетке көрсетілетінінен басқасы/ ақылы болып табылады.

5. Қазақстан Республикасының Халықтық банкі бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне халықтың тауарлар мен көрсетілетін қызмет үшін пластикалық кәртішкелерді қолданып, аударым арқылы есеп айырысуының қолданылып жүрген жүйесін жетілдіру және осы заманғы жүйесін жасау жөнінде ұсыныстар енгізісін.

6. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті осы Жарлықты жүзеге асыру жөнінде қажетті шешімдер қабылдасын.

*Президенті*

*Қазақстан Республикасының*

*N 1515*

*Алматы 1994 жылғы 20 қаңтар*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК